

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, «Әлеуметтік гуманитарлық және Жаратылыстану пәндері» кафедрасының ұйымдастыруымен студенттердің ғылыми онлайн конференциясы болып өтті.

Конференция модераторы: магистр, аға оқытушы Тлегенова Айман Сүлейменқызы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 29 жылдығымен конференцияға қатысушы әріптестері мен студенттерді құттықтап, Университетіміздің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Кашабаева Роза Ахметказиевнаға сөз берді. Роза Ахметказиевна Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына қазіргі жастардың алатын орнының ерекшелігін атап көрсете келе, осы жылдар бойы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне арқау болған сонау, 1986 жылы болған оқиғадағы жастардың ерен еңбегіне тоқталды. Конференцияға қатысқан әрбір студентке сәттілік тілеп, жастардың білімге деген қызығушылықтарын арттыруларына ой қоса отырып, барлық қатысушыларды мерекемен құттықтады.

Конференцияға қатысқан студенттердің барлығы дерлік үлкен дайындықпен келгенін көруге болады. Қазіргі уақыт талабының өзі жастардың білімге деген қызығушылығын арттыруда. «Білімсіз бірді жығар, білімді мыңды жығар», - деген мақал қазіргі таңда өзектілігін көрсетіп отыр. Біздің биылғы оқу жылында өткізіліп отырған алғашқы онлайн конференцияға, I курс студенттерінің көптеп қатысуының өзі соның дәлелі. Қашықтықтан оқу арқылы, алғаш университет табалдырығын атаған білімге құштар студенттердің ғылымға деген қызығушылықтары профессор-оқытушылар құрамына қуаныш сыйлағанын жасырып қалуға болмас. Аудиторияда отырып, бір – бірімізбен байланыс жасап тікелей араласпасақ та, қашықтықтан оқудың өзі студенттердің білім алуына кедергі келтіре қоймағаны байқалады. Әрине, кейбір білімге құштар студент жастарымыздың интернет байланысының нашарлығынан байланысқа шығу жағы кедергі тудырғаны мәлім. Десек те, оқытушылармен әлеуметтік желілерге шығу арқылы байланыстарын жалғастырып отыруының өзі қуантарлық жағдай. Ал, енді конференцияға қатысқан студенттер мен жетекшілердің жұмыстарына келер болсақ: «ӘГЖЖП» кафедрасының меңгерушісі Акаева Мадина

Омарбековнаның ғылыми конференцияға дайындаған студенттері: Кеден ісі мамандығының I курс студенттері Абаева Анель «Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның бірінші Президенті» тақырыбында, Тұмарбаев Мейіржан «Антикоррупционное образование и воспитание» тақырыбы бойынша жасаған презентация материалдары, Айдарова Диляра «Туған жер» тақырыбында дайындаған видеоролигі студенттің ғылыми жұмысқа деген қызығушылықтарының негізінде, жан-жақтылығын көрсетеді. Филология ғылымының кандидаты Сүгірбекова Саптанат Ризабековнаның жетекшілігімен «Есеп және аудит» мамандығының I курс студенті Махмудова Диляра «Функционирование слов, формирующих патриотизм» тақырыбында жасаған презентациясы өте нақты мысалдар арқылы көрсете алуында. Аға оқытушы Асылбаева Сара Желеуовнаның жетекшілігімен «Есеп және аудит» мамандығының I курс студенті, Асыл Жантөре «Влияние цифрализации на уровень коррупции» тақырыбы бойынша арнайы бағдарламаға енгізу арқылы, анализ жасап, есептеп дәлелмен көрсетуі арқылы ерекшеленді. Аға оқытушы Дүйсенбекова Үміт Даировнаның жетекшілігімен «РЭТ-20 р» тобының I курс студенті Тезекпаев Мердияс «Внутренняя политика независимого Казахстана» тақырыбында, «МС 20 р» тобының I курс студенті Сысолов Радион, «Внешняя политика Республики Казахстана» тақырыбында саяси жағдай туралы ой қозғады. Магистр, аға оқытушы Чингисова Құралай Әділжанқызының жетекшілігімен «Қаржы» мамандығының I курс студенті Мұхамедова Жаннұр «Тәуелсіз елдің патриотымын» тақырыбында өзінің шығармашылығын ортаға сала отырып, жүрек жарды өлең шумақтарын тарту етті. Магистр, аға оқытушы Баязирева Эльмира Алматынаның жетекшілігімен, ағылшын тілінде «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында

«Экономика» мамандығының 2 курс студенті Смағұл Исатай өз білімімен бөлісті. Магистр, аға оқытушы Тлегенова Айман Сүлейменқызының жетекшілігімен «Есеп және аудит» мамандығының I курс студенті Ерғазы Жадыра «Желтоқсан ызғары» тақырыбында, «МС 20 к» тобының I курс студенті Алдибаева Мерей «Тұлғаның даралық типологиялық ерекшеліктері» тақырыбында, «МС 20 к» тобының I курс студенті Болат Даурен «Әлеуметтік әлемдегі мен тұжырымдамасы» тақырыптары бойынша өз ізденістері арқылы ғылыми түрде сабақ барысында жасаған тәжірибелерімен бөлісті. Конференцияға қатысқан әрбір студенттің алғашқы ғылыми жұмыстары болғандықтан жетекшілері тарапынан қолдау көрсетіліп, ғылымға жол ашу мақсатында, жастардың тосылмай еркін түрде ой-пікір білдірулеріне мүмкіндік берген студенттердің ғылыми конференциясы болды. Онлайн түрде жүргізілген ғылыми студенттердің конференциясына 100 ден астам студент қатысып, жас ғалымдарға қолдау көрсетті. Тәуелсіз Қазақ елінің жастары білімді болуы қажет. Өз еңбегінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қозғанда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша болашақтың негізгі білім ордаларының аудиторияларында қаланады», - деп көрсетті.

Сондықтан әрбір аудиторияда берілген білім жас маманның болашағының бір кірпіші іспеттес. Жас ғалымдардың ортамыздан өсіп шығуына көмек қолымызды беру, ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, Еліміз аман, Жеріміз тыныш заман болсын!

**ТЛЕГЕНОВА Айман Сүлейменқызы,
«Әлеуметтік гуманитарлық және
жаратылыстану пәндері»
кафедрасының магистрі, аға оқытушы**

Болашаққа берік белсенділер!

Әсем де әсерлі қаламыз Алматыда, «Нұр Отан» партиясының атынан агитациялық үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін, Қазақ к а т ы н а с ж о л д а р ы университетінде, алғашқы 11 адамнан белсенді тізімін бекітіп алдық. Артылған жұмыстың барлық түрі, өткен жылдың 10-шы желтоқсанында, сағат 20.00-де басталған болатын. Бөлінілген аймаққа үгіт материалдарын, плакаттарды және сайлау бағдарламасы туралы кітапшаларды таратып, әр сайлау учаскелеріне ілдік. Әрқайсысымызды «Нұр Отан» партиясының эмблемасы бар маскамен, бас киіммен, күртешемен, сөмкесімен толықтай қамтып бергені де рас. Белсенділер тобы жас жігіттер мен бойжеткендер, оқу орнымыздағы бетке ұстар қызметкерлер: Олар

1. Омиргазинов Айдархан
2. Қасымхан Заңғар
3. Садуақасов Арман
4. Тұрдахын Жансая
5. Кентай Ержан
6. Егетай Заңғар
7. Нұрланқызы Алия
8. Әбдіманап Самат
9. Көптілеу Эльдар
10. Тоқсанбаева Дария
11. Серікжан Ержан

Қасақана желтоқсан айының екінші жарытысынан ауа райы өзгеріп, кеш түсе суый бастағаны есімізден кетер емес. Сол суыққа қарамай, бір ай бойы жұмысымызды Әуезов ауданының «Нұр Отан» партиясының бастауымен, біздің Қазақ к а т ы н а с ж о л д а р ы университетінің қолдауымен жоғары нәтижеде аяқтадық деуге болады.

Ол туралы Әуезов ауданы «Жас Отан» ұжымы басқа оқу орындарының жұмысымен салыстырып, біздің жастарға риза болғанын айта кету жөн. Шынында, бүкіл ел пандемия індетіне шалынып, танымайтын адамдармен сөйлесу, оларға үгіт-насихат жүргізу, мынандай заманда сақтықта болуы шарт екенін білесіздер. Дегенмен де жоғарыда аты аталған жастар, түгелдей дерлік батыл қадамға шешіліп, партияның қойған талабын орындап шықты. Сондықтан да, барлық белсенділерге алғысымыз шексіз!

**ТОҚСАНБАЕВА
Дария Әбілғазықызы**



Қазақстанда жол қауіпсіздігін бағалаудың International Road Assessment Programme халықаралық жүйесін енгізу жұмысы басталды. Аталған жоба былтырғы жыл басынан көш түзеп, Дүниежүзілік банктің қолдауымен Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Автомобиль жолдары комитеті, «SweRoad» компаниясы және «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» бірлесіп жүзеге асыруға тиісті.

Бүгінге дейін «Қазжол ҒЗИ» АҚ мен «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» РМК мамандары Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстары және Алматы қаласының жолдары мен белгілерін арнайы құрылғыға түсіріп, бағалап та үлгергені рас.

Жоба аясында 25 ұлттық сарапшы оқытудан өтіп, жолдарды дербес бағалап

жүр. Автомобиль жолдарының қауіпсіздігіне толық әрі нақты баға беру үшін жол жүйесі әр 100 метр сайын 50 параметр бойынша кодталды. Жолшылар осылайша 5 700 шақырым жолды зерттеп үлгергенге ұқсайды. Атап айтсақ бұл – «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізі, сондай-ақ «Нұр-Сұлтан – Петропавл»,

